

Сандуғаш Рафикқызы Нұртілеуова

Оқытушы

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазіргі білім берудің басты талабы оқытудың жаңа технологияларын оқыту үдерісіне енгізу болып отыр. Білім беру технологиялары – бұл оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету, оқу үрдісін жүзеге асырудың мазмұнды техникасы, өнер, шеберлік, біліктілік, ғылымда оқытудың тиімді жолдарын зерттеуші және оқытуда пайдаланатын әдістердің жүйесі.

Оқыту технологиясы әрекет ету, соның нәтижесінде алынған білім, дағды, іскерлікті бекіту, студенттердің ойлау, әрекет ету қабілетін жетілдіру, өз әрекетін жоспарлау, өз бетімен білім алу жолдарын таңдай білу, оқыту технологиялары түрлерін, олардың құрылымын игерту және оны өз тәжірибесінде пайдалана білу іскерлігін қалыптастыру міндеттерін көздейді. Оқыту технологиясы – өзінің мәні жағынан тұтас дидактикалық жүйе. Ол оқу үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың мақсаты мен мазмұнын, басқару жүйесін, материалдық, психологиялық жағдайын, оқытудың тиімділігі мен нәтижесін бағалау межелерін өзгертуді талап етеді. Оқыту технологиясының құрылымын: оқытудың мақсаты, оқытудың мазмұны, оқытудың әдістері мен тәсілдері, оқытудың нәтижесі айқындайды.

Педагог-ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Мектепке бірінші керегі – мұғалім, екінші – оқыту ісіне керек құралдар, үшінші – бағдарлама және оқулықтар керек», – деп, тауып айтқан, өйткені оқыту ісінің сапасы осы – үш қажеттілікке байланысты. Әсіресе мұғалім

бағдарламаны, оқыту құралдарын, оқулықтарды, әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылар мен студенттерді біліммен қаруландырады.

Ғылымы мен білімі дамыған ХХІ ғасырда білім берудің нақты жолы – сабақтың сапасын арттырып, тәрбиелік жақтарын жетілдіру болса, қазіргі таңда қойылатын талаптар: оқытуда жаңа ақпараттық технологияны тиімді пайдалану, білім мазмұнын жаңарту, белсенді әдістерді қолдану болып табылады.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезінде білім беру жүйесінің оқыту үрдісінде оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже беруде. Соның нәтижесі ретінде, мен өз тәжірибиемде шетелдік студенттерге қазақ әдебиеті пәні бойынша бір сабақ жоспары түрінде «Ұлы ақын – Абай Құнанбаев» туралы алып талдамақшымын. Ең алдымен әдебиет туралы қысқаша тоқталып өтсек.

Әдебиет сабағы, негізінен, көркем шығарманы оқу мен талдауға арналады. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды. Оқу мен талдау бірліктегі мәселе. Оқу әр оқушының өз еңбегіне, оны түсіне білуіне, әр баланың қабілеті, дарыны, ой-өрісіне байланысты жүреді. Студент оқыған шығармасын қалай қабылдады, қандай пікірде болды, қандай ләззат алды, соны айтқызу, өзгелер пікірімен салыстыра білу, қорытындылау – сабақтың жеткен межесі. Жалпы әдебиетті оқыту әдісінің жемісі – оқушының көркем туындыны оқуға деген ынтасын, қызығуын тәрбиелеуге қатысты. Ол үшін әр студенттердің мәтінді міндетті оқуын қадағалау, оқуын ұйымдастыру, үнемі пікірін, ойын тыңдау, онымен есептесіп отыру, әңгімелесу, сұраққа жауап алу – негізгі жұмыстар.

Студенттерге қазақтың бір туар ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен өскен ортасы, оның шығармашылығы туралы таныстырылып талдаулар жүргізіледі. Оның ақындығы әр тақырыптарда жазған өлеңдері, аудармалары, сазгерлігі және қарасөз иесі жайлы айтылып төмендегі сызба-кестелер беріледі. Әрбір өлеңдеріне талдаулар жүргізіледі. Сонымен қатар жаңа технология құралдарының көмегімен компьютер, бейне проекторлар, (бейне таспалар) DVD, CD дисктерден слайд арқылы суреттер, ақынның жазған өлеңдері мен қарасөздері сабақ үстінде тыңдалып, баяндалады. Ақын Абай Құнанбаев шығармаларын қазіргі жаңа технологияға икемдеп қолдану өте қолайлы. Ақын атындағы мәдени көрнекті орындар: мұрайжай, көше, ескерткіш, университет, театр, және тағы басқасын студенттерге осы жаңа технология құралдары арқылы көрсетуге болады.



Абай Құнанбаев ескерткіші

Семей қаласындағы мұражайы



Абай атындағы опера және балет театрының сыртқы және ішкі көрінісі

Сондықтан қазіргі замандағы маман терең білімді ғана емес, заманауи техникалық құралдармен жұмыс істеуді меңгерген болуы, компьютерлік технологиялар мүмкіндіктерін білуі және оны практика жүзінде қолдана алуы қажет. Себебі компьютер қолданылған оқытудың ұйымдастыру түрлерінің тиімділігі, біріншіден, материалды белсенді қабылдауға көмектеседі; екіншіден, нәтижесінде белгілі мәлімет туралы терең түсінуге мүмкіндік алады; үшіншіден, білімді қолдану және оны әртүрлі оқу әрекеттері барысында бекемдей алады. Айталық, мұғалім, сазгер, ақын, ойшыл Абай туралы сабақтың біріншісінде оқытудың техникалық құралдары арқылы түрлі мәліметтерді көрсетіп, тыңдатып алып екінші сабақта оларды ақын атымен байланысты өнер ошақтарына апарды. Бұл саяхатта олар өткен сабақта алған мәліметтеріне қатысты шындықты көріп, сұрақтар қоюға талпынады. Олардың атауына қатысты жаңа сөздерді біледі. Кезекті үшінші сабақта мұғалім барлық жаңа сөздерді жинақтап студенттердің қатысуымен сөздік жұмысын жасайды, сызбаның қаңқасын құрады. Ол бейнепроектордың көмегімен экранда көрсетіледі. Әдебиет сабағында бірнеше сағатқа берілген күрделі тақырыптарды осындай тәртіппен өту студенттердің тақырыпты жан-жақты меңгеруіне жағдай жасайды.

Топтастыру кестесі №1

Аудармашы	Ақын	Сазгер
Махаббат, табиғат, көңіл-күй лирикасын	Абай Құнанбаев (1845-1904)	Саяси, азаматтық, философия лирикасын
Кемеңгер	Данышпан	Ақыл-ойдың данасы

Топтастыру кестесі №2

Аудармашы	Ақын	Сазгер
Орыс халқының классик ақындары 1.А.С. Пушкин	Абай Құнанбаев	Махаббат, табиғат, көңіл-күй тақырыбында

1. « Т а т ь я н а н ы ң
Онегинге жазған
хаты»

2. « Б о р о д и н о » ,
«Тұтқындағы батыр»
«Ауру жүрек ақырын соғады
жай», «Вадим»,
«Қараңғы түнде тау қалғып»

Ғылым таппай
мақтанба

Жасымда ғылым
бар деп ескермедім

Интернатта оқып
жүр

«Сегіз аяқ»,

«Желсіз түнде жарық
ай»,

«Көзімнің қарасы»,

«Айттым сәлем,
Қаламқас»,

Сонымен қорыта келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: ақын Абай Құнанбаев шығармаларын оқи отырып, оның пікірлерінің құндылығына, өміршеңдігіне көздерін жеткізу, даналық сөздеріне талдау жасату, сын тұрғысынан ойлау арқылы шығармашылық жұмысқа баулу, студенттердің ой еркіндігін, байқампаздығын, эстетикалық сезімін ояту, сөйлеу мәдениетін дамыту, талдау жұмыстарына дағдыландыру, тіл байлығына үлес қосуға жол аштыру, студенттерге ойшыл ақынның даналық сөздерін оқытып, әдебиетке деген қызығушылығын оятып, жан-жақты жетілген адам атына лайықты азамат болып қалыптасуға тәрбиелеу.